Мысалы:

Тоқтамай оқығанда	Тоқтап оқығанда
أَصْحَابُ الْجَنَّةِ هُمُ الْفَائِزُونَ	أَصْحَابُ الْجَنَّةِ هُمُ الْفَائِزُونَ
әсхәәбул-жәннәтти һумул-фәә'изуун	әсхәәбул-жәннәһ. һумул-фәә'изуун



زَجْرَةٌ وَاحِدَةٌ	زَجْرَةٌ وَاحِدَةٌ
зәжрату-уәәхидәһ	зәжрах. уәәхидәһ
هُمَزَةٌ لَمْزَةٌ	هُمَزَةٌ لَمْزَةٌ
һумәзәтил-лумәзәһ	һумәзәһ. әллумәзәһ

Жаттығу:

وَاصْحَابُ الْجَنَّةِ هُمُ الْفَائِزُونَ. النَّبِي تَطَّلِعُ عَلَى الْأَفْنَدَةِ.
 وَنَمَارِقُ مَصْفُوفَةٌ وَزَرَائِبِي مَبْتُوثَةٌ. نَارُ اللَّهِ الْمُوقَدَةُ.
 تَرْمِيهِمْ بِحِجَارَةٍ مِّن سَجِيلٍ. إِنَّهَا عَلَيْهِمْ مُّصَدَّدَةٌ
 إِنَّمَا الْمُؤْمِنُونَ إِخْوَةٌ فَأَصْلِحُوا بَيْنَ أَخَوَيْكُمْ. فِي عَمَدٍ مُّمدَّدَةٍ.

6. Әл артиклі (ال)

Әл артиклі (ال) – араб сөзінің зат есімнің басында кездесетін әлиф (ا) және ләм (ل) әріптері. Оқылуы әл (ال) яғни әлиф фатхалы ләм сукунды. Міне осы «әл» (ال) - дегі ләм әрпінің сукунмен айтылып және айтылмауына қарай араб тілі алфавитіндегі әріптер екіге бөлінеді. Олар: қамария және шәмсия әріптері. Егер әл (ال) – ден кейін қамария әріптерінің біреуі келсе, онда әл (ال) – дегі ләм сукунды болып айтылады. Қамария әріптері 14 әріп:

ا - ب - ج - ح - خ - ع - غ - ف - ق - ك - م - ه - و - ي

Мысалы:

الْحَاجِبُ	الْجَمَلُ	الْبُرُ	الأَرْضُ
әлхәәжибу	әлжәмәлу	әлби'ру	әл'ардү

Ал егер әл (ال) – ден кейін шәмсия әріптерінің біреуі келсе, онда әл (ال) – дегі "ләм" еш айтылмай одан кейінгі шәмсия әрпі шәддәлі болып оқылады.

Шәмсия әріптері 14:

ت - ث - د - ذ - ر - ز - س - ش - ص - ض - ط - ظ - ل - ن

Мысалы:

الذُّبُ	الدَّوْحَةُ	الثَّلْجُ	التَّلْمِيذُ
әззи'бу	әддәухәту	әсфәлжу	әттилмиизу

Жаттығу: Шамсия мен қамария әріптерін бөліп оқыңыз.

الظُّلُ	الْكُرَّاسَةُ	الْقَصْرُ	الصَّحْرَاءُ	الْفَتَى
الْمَدِينَةُ	الصَّبَابُ	الْهَجْرَةُ	الطَّاحُونَةُ	اللِّسَانُ
الصَّلَاةُ	التَّامَةُ	الدَّعْوَةُ	الْوَلْدُ	النَّافِذَةُ
الرُّجَاةُ	الْغُرْفَةُ	الْعَصَا	الْحَطِيئَةُ	الْقَائِمَةُ
الْمُشْرِكِينَ	الْمَلَائِكَةُ	الشَّمْسُ	السَّهْمُ	الْيَسَارُ
الْمَقَابِرُ	النَّاسُ	الْخَيْرُ	الْأَنْهَارُ	الْقِيَمَةُ
النَّبِيِّ	الْحُطْمَةُ	النَّعِيمُ	الْجَحِيمُ	الْيَقِينُ
الظَّالِمُ	الْفَاسِقُ	الأَرْضُ	السَّمَاوَاتِ	المُؤْمِنَاتُ

2 – БӨЛІМ ТӘЖУИД ЕРЕЖЕЛЕРІ

Суқунды нун және тәнунинге қатысты ережелер (نْ - نْ - نْ)

Тәжуид ілімінде суқунды нун (نْ) және тәнуниннің (نْ - نْ - نْ) ережелері ортақ. Себебі екеуі бірдей суқунды нун болып дыбысталады. Құранда бұлардың анық оқылуы және оқылмауына байланысты ережелер бар.

1. Изхар:

Изхар – араб тілінде *айқындау, көрсету* деген мағынаны білдіреді. Егер бір яки екі сөзде суқунды нуннан (نْ) кейін немесе тәнуниннен (نْ - نْ - نْ) кейін изхар әріптерінің біреуі келсе, суқунды нун және тәнунин анық, ашық түрде оқылады. Изхар әріптері 6 олар:

ء - ه - ع - ح - غ - خ

Мысалы:

ع : ۱	قَرِيۡةٌ اٰهْلُكٰنٰهَا	مِّنْ اَعْطٰی
ه : ۲	سَلٰمٌ هِيَ	مِنْهُ
ع : ۳	اَنْعَمْتَ	مِنْ عَلَقٍ
ح : ۴	يَنْحِتُوْنَ	مِّنْ حَادٍ اللّٰهِ
غ : ۵	فَسَيُنْغِضُوْنَ	مِنْ غُلٍّ
خ : ۶	وَالْمُنْحَنِقَةَ	مِنْ خَيْرٍ

Құранда кейде изхар ережесі уасл һәмзәсымен кездеседі. Яғни, тәнуиннен кейін Һәмзә емес уасл һәмзәсы (үстінде һәмзәсы жоқ әлиф (ا)) келетін жерлер бар. Осы жағдайда тәнуинді ащық және толық айтып кәсра арқылы оқимыз.

Мысалы:

Оқылуы	Жазылуы
хайранилуәсыя	خَيْرًا الْوَصِيَّةُ
ияумәзинилхаққ	يَوْمَئِذٍ الْحَقُّ
фитнәтуниңқаләб	فِتْنَةٌ انْقَلَبَ
хайруниҫмәәннә биһ	خَيْرٌ اطمَانَ بِهِ

Жаттығу: Изхар әріптерін тауып ережеге сай оқыңыз.

عَيْنَ الْيَقِينِ	كِتَابٍ أَنْزَلْنَاهُ	يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا	مِنْ هَادٍ
عِلْمِ الْيَقِينِ	إِنْ هُوَ	مَنْ ءَامَنَ	وَحَرَامًا عَلَى قُرْبَةٍ
عَلَيْمٌ خَبِيرٌ	جُرْفٍ هَارٍ	فَأَمَّا مَنْ ثَقُلَتْ	وَسَلَامًا عَلَىٰ إِبْرَاهِيمَ
عَلِيمٌ حَكِيمٌ	لَتُرَوْنَ الْجَحِيمَ	وَأَنْحَرُ	فَوْسَطْنَ بِهِ جَمْعًا
مِنْ عِلْمٍ	مِنْ غَسَلِينَ	كُلِّ شَيْءٍ حَيٍّ	بِغَافِلٍ عَمَّا تَعْمَلُونَ
كَلِمَةٍ حَيِّثَہ	قَوْلًا غَيْرَ الَّذِي	آلِهَةٌ إِلَّا اللَّهُ	إِنَّ الْإِنْسَانَ لِرَبِّهِ لَكَنُودٌ
عَيْشَةٍ رَاضِيَةٍ	الَّذِينَ هُمْ يُرَاءُونَ	أَجْرٌ غَيْرُ مَمْنُونٍ	تَنْزِيلٌ مِنْ حَكِيمٍ
كُلِّ ءَامَنَ	مِنْ عِلْمٍ	لَطِيفٌ خَبِيرٌ	مَنْ خَشِيَ



2. Идғам:

Идғам – араб тілінде қосу, кіргізу, енгізу деген мағыналарды білдіреді. Тәжүид ілімінде сукунды бір әріптің харакатты екінші әріпке қосылып шәддәлы бір әріп болып оқылуына "идғам" деп айтады. Сукунды нун (ن) немесе тәнуиннен (ـَ – ـُ) кейін идғам әріптерінің біреуі келсе, сукунды нун және тәнуин сол әріпке қосылып шәддәлы оқылады. Идғам әріптері алтау, олар: ن - و - ل - م - ر - ی бұл әріптер (يَرْمَلُونَ) сөзінде жинақталған

Идғам өзара екіге бөлінеді:

Ғұнналы идғам және ғұннасыз идғам

а) Ғұнналы идғам:

Ғұнналы идғамның әріптері төртеу.

Олар: و - م - ن - ی бұл әріптер (يَسْمُو) сөзінде жинақталған.

Егер сукунды нун (ن) немесе тәнуиннен (ـَ – ـُ) кейін осы төрт әріптің біреуі келсе идғам ғұннамен оқылады.

Ғұнна деп – дыбысты мұрын арқылы екі харакат мөлшерінде ұстап оқуды айтады.

Ғұнналы идғам тек екі сөз арасында ғана болады, яғни бірінші сөздің соңғы әрпі сукунды нун (ن) немесе тәнуинді (ـَ – ـُ) болып, ал екінші сөздің бірінші әрпі идғам әрпі болу керек.

Мысалы:

صِرَاطٌ مُسْتَقِيمٌ	أَنْ مِنَ اللَّهِ	مِنْ مَسَدٍ	مِنْ مَاءٍ دَافِقٍ	م :
إِنْ نَسِينَا	مِنْ نِعْمَةٍ	وَلَنْ نُؤْمِنَ	أَنْ نَعْبُدَ	ن :
فِي جَنَّاتٍ وَنَعِيمٍ	وَمَوْعِظَةٍ وَذِكْرَى	مِنْ وَرَائِهِمْ	مِنْ وَالٍ	و :



ي : مَنْ يَقُولُ فَمَنْ يَعْمَلُ لِمَنْ يَشَاءُ عَدَا يَرْتَع

Ескерту: Егер суқунды нуннан кейін идғам әрпі келіп екеуі бір сөзде болса, онда суқунды нун анық оқылады, яғни изхар болады. Құранда суқунды нуннан кейін идғам әрпі бола тұра төрт сөзде суқунды нун анық оқылады. Анық оқылуының себебі: сөздің мағынасын өзгеріп кетуден сақтау.

Ол сөздер:

دُنْيَا قَتَوْنَا صِنَوْنَا بُنْيَانًا

б) Ғұннасыз идғам:

Ғұннасыз идғамның әріптері екеу, олар: **р - л**

Егер суқунды нун (ن) немесе тәнуиннен (ئ - ة) кейін осы екі әріптің біреуі келсе, онда олар ғұннасыз тек шаддалы болып қана оқылады. Ғұннасыз идғам тек екі сөз арасында ғана болады.

Мысалы:

ر : إِلَّا مَنْ رَحِمَ رَبُّكَ أَنْ رَبَطْنَا مِنْ رَبِّي تَمْرَةَ رِزْقًا
 ل : وَلَمْ يَكُنْ لَهُ أَنْ لَمْ يَرَهُ مِنْ لَدُنْهُ كُلُّ نَفْسٍ لَمَّا

Бірақ Құранда "Қиямет" сүресі 27 аятта суқунды нуннан (ن) кейін ра (ر) әрпі келгенде суқунды нун анық оқылады. Себебі, ол жерде сәктә¹⁹ бар.

وَقِيلَ مَنْ رَاقٍ

¹⁹ Сәктә – оқу кезінде 1 секундтай кідіріс жасау.

Жаттығу: Ғунналы және ғуннасыз идғамдарды тауып ережелеріне сай оқыңыз.

مَحْمَدٌ رَسُوْلُ اللهِ	بَيْتٌ مِنْ زُخْرَفٍ	مَالًا لَبَدًا	بَيْنَةَ مِنْ رَبِّي
فِي عَيْشَةٍ رَاحِيَةٍ	عَدُوِّ مِيْنٍ	يَوْمِنْدٍ نَاعِمَةً	يَوْمٍ مُحِيْطٍ
شَاعَرَ نَتْرَبُصْ بِهِ	يَوْمِنْدٍ نَاصِرَةً	عَامِلَةً نَاصِبَةً	قُوَّةً وَأَكْثَرَ
يَوْمِنْدٍ لِلْمُكَذِّبِيْنَ	بَشْرًا رَسُوْلًا	نَفْسٍ وَاحِدَةً	وَجُوْدَةً يَوْمِنْدٍ
وَيْلٌ لِّكُلِّ هُمَزَةٍ لُّمَزَةٍ	فَوَيْلٌ يَوْمِنْدٍ	وَوَالِدٍ وَمَا وَلَدٌ	يَوْمِنْدٍ وَاجِفَةً
مِنْ غَفُوْرٍ رَحِيْمٍ	وَلِسَانًا وَشَفَتَيْنِ	عِبَادٌ مُكْرَمُوْنَ	كِتَابٍ مَسْطُوْرٍ

3. Иқлаб

Иқлаб – ауыстыру дегенді білдіреді. Иқлаб әрпі біреу, ол бә (ب) әрпі. Егер бір яки екі сөзде сукунды нун (ن) неме-се тәнуниннен (ـَ – ـُ) кейін бә (ب) әрпі келсе, сукунды нун және тәнунин мимге ауыстырылып ғұннамен оқылады.

Мысалы:

أَنْبِئُهُمْ لِيُنَبِّدَنَّ مِنْ بَعْدِ وَمَنْ بَلَغَ

Жаттығу:

خَبِيرًا بَصِيرًا	يُكَذِّبُ بِالذِّبِيْنَ	وَبَرًّا بِوَالِدَيْهِ	يَدْعُ الْيَتِيْمَ
شَهِيدٌ بَيْنِيْ	مُنْفَطِرٌ بِهِ	فَوَيْلٌ لِلْمُصَلِِّيْنَ	رَبِّ هَذَا الْبَيْتِ
إِنَّ اللّٰهَ سَمِيْعٌ بَصِيْرٌ	أَطْعَمَهُمْ مِنْ جُوعٍ	زَوْجٍ بَهِيْجٍ	وَاللّٰهُ عَلِيْمٌ بِالظّٰلِمِيْنَ
وَلَمْ أَكُنْ بِدُعَائِكَ	شَهِيدًا بَيْنِيْ	أَنْبَاهُمْ	مَشَاءٍ بِنَمِيْمٍ

4. Ихфа

Ихфа – жасыру дегенді білдіреді. Ихфа әріптері алфавиттегі қалған он бес әріп. Олар:

ت - ث - ج - د - ذ - ز - س - ش - ص - ض - ط - ظ - ف - ق - ك

Егер бір яки екі сөзде сукунды нуннан (نْ) кейін немесе тәнуниннен (نَ - نِ) кейін ихфа әріптерінің біреуі келсе, сукунды нун және тәнунин осы әріптердің шығатын жерінде жасырын, ғүннамен оқылады. Яғни, тілді ихфа әріптерінің шығатын жерінде ұстау керек.

Мысалы:

ت : كُتِبْتُمْ	مُتَّهِونَ	أَنْتُمْ	مِنْ تَابَ
ث : وَالْأَنْثَى	مَنْشُورًا	مَنْ ثَقُلَتْ	مِنْ ثَمَرَةٍ
ج : وَأَنْجَيْنَا	إِنْ جَاءَكُمْ	عَيْنٌ جَارِيَةٌ	فَصَبْرٌ جَمِيلٌ
د : أَنْدَادًا	مِنْ دُونِهِمْ	وَمَنْ دَخَلَهُ	مِنْ دَابَّةٍ
ذ : وَأَنْذَرَهُمْ	مُنْذِرٌ	مِنْ ذَهَبٍ	مِنْ ذَا الَّذِي
ز : وَأَنْزَلَ	تَنْزِيلٌ	مِنْ زَكَوَاتِهَا	مِنْ زَوَالٍ
س : مَا نَنْسَخُ	عَلَى الْإِنْسَانِ	عَنْ سَبِيلِهِ	مِنْ سُلَالَةٍ
ش : أَنْشَأَهَا	فَأَنْشَرْنَا	إِنْ شَاءَ اللَّهُ	فَمَنْ شَهِدَ
ص : فَأَنْصَرْنَا	فَأَنْصَبُ	وَلَا هُمْ يُنْصَرُونَ	مِنْ صَلْصَالٍ
ض : مَنْصُودٍ	بِمَنْ صَلَّى	مِنْ صَرِيحٍ	مِنْ ضَعْفٍ
ط : مَنْطِقٍ	يَنْطِقُونَ	انْطَلِقُوا	مِنْ طِينٍ
ظ : فَانظُرْ	أَفَلَا يَنْظُرُونَ	مِنْ ظَهِيرٍ	مِنْ ظُلْمٍ
ف : أَنْفُسِكُمْ	فَأَنْفَلَقَ	مِنْ فَضْلِ اللَّهِ	مِنْ فِتْنَةٍ

ق : انْقَلَبُوا مَنْ قَدَّمَ مِنْ قَرَارٍ
ك : الْمُنْكَرَ إِنَّ أَنْكَرَ مِنْ كُلِّ

Жаттығу: "Ихфа" әріптерін тауып, ережеге сай

оқыңыз.

وَإِنْ تَصْبِرُوا	لَا أَعْبُدُ مَا تَعْبُدُونَ	إِنْ هُوَ	جَنَاتٍ تَجْرِي
حَلِيَّةً تَلْبَسُونَهَا	عَدْنٍ تَجْرِي	مَاءً نَجَاجًا	سَلَامٌ هِيَ
مُطَاعٍ ثَمَّ أَمِينٍ	فِي يَوْمٍ ذِي مَسْغَبَةٍ	خَلَقٍ جَدِيدٍ	جُرْفٍ هَارٍ
وَكَأَسَا دِهَاقًا	إِنَّ الْإِنْسَانَ لِرَبِّهِ لَكَنُودٌ	فَتَنَوَانَ دَانِيَّةً	كُلُّ شَيْءٍ حَتَّى
دَكَّا دَكًّا	كَوَكَبٍ دُرِّيٍّ	كُلُّ نَفْسٍ ذَانِقَةٌ	قُوَّةٍ ضَعْفًا
عَيْشَةٍ رَاضِيَةٍ	لَتَرُونَ الْجَحِيمَ	حُبًّا جَمًّا	صَعِيدًا زَلَقًا
غُلَامًا زَكِيًّا	ظِلِّ ذِي ثَلَاثِ شُعَبٍ	نَفْسًا زَكِيَّةً	وَرَجُلًا سَلَمًا
حَكِيمٍ حَمِيدٍ	عَابِدَاتٍ سَائِحَاتٍ	فَوَسَطْنَ بِهِ جَمْعًا	مَكَانًا شَرْقِيًّا
وَحَرَامٍ عَلَى قَرْيَةٍ	إِنَّهُ غَفُورٌ شَكُورٌ	مَنْ تَزَكَّى	سَبْعًا شِدَادًا
رَسُولًا شَاهِدًا	أَنْ صَدُّوكُمْ	بِعَاقِلٍ عَمَّا تَعْمَلُونَ	رِيحًا صَرْصَرًا
صَفًّا صَفًّا	بَرِيحٍ صَرْصَرٍ عَاتِيَةٍ	عَذَابًا ضِعْفًا	وَكُلًّا ضَرْبًا
عَلِيمٍ حَكِيمٍ	أَجْرٌ غَيْرُ مَمْنُونٍ	أَنْ طَهَّرَا	كَلِمَةً طَيِّبَةً
كَشَجَرَةٍ طَيِّبَةٍ	وَسَلَامًا عَلَى إِبْرَاهِيمَ	صَعِيدًا طَيِّبًا	ظِلًّا ظَلِيلًا
قُرَى ظَاهِرَةً	عَنْ طُهْرِهِمْ	تَذِكْرَةً فَمَنْ شَاءَ	حِجَابًا فَأَرْسَلْنَا

رَبِّ غَفُورٍ	خَالِدًا فِيهَا	عَلَى بَعْضِ فَاحِكُمْ	فَأَمَّا مَنْ ثَقُلَتْ
عَنكَ	كِرَامًا كَاتِبِينَ	بِدَمٍ كَذِبٍ	مَاءً فَأَخْرَجَ
عِلْمَ الْيَقِينِ	بِتَابِعِ قِبَلَتَهُمْ	كُتُبٍ قِيَمَةٌ	مَكَانًا قَصِيًّا

Сукунды мим – нің ережелері

а) Идғам: Егер сукунды мим (مْ) - нен кейін харақатты мим (م) келсе идғам болады, яғни екі мим қосылып шәддәмен ғұнналы идғамға айналады. Бұл идғам түрі – идғам мутәмәсиләйни деп аталады. Мутәмәсиләйни сөзі – бір-біріне ұқсас дегенді білдіреді. Ал бұл ереженің мутәмәсиләйни деп аталуы сукунды мим – нен кейін дәл сондай харақатты мим – нің келгендігі.

Мысалы:

مَا لَكُمْ مِنْ إِلَهٍ غَيْرُهُ أَطَعْتَهُمْ مِنْ جُوعٍ إِنَّ كُنْتُمْ مُؤْمِنِينَ

ә) Ихфа: Егер сукунды мим (مْ) - нен кейін харақатты бә (ب) әрпі келсе, сукунды мим жасырын оқылады. Яғни ғұнналы ихфа болады. Бұл ихфа түрі – ихфа шәфәуи деп аталады. Мағынасы, ерін ихфасы, олай аталуының себебі мим (م) және бә (ب) әріптері ерінмен айтылады.

Мысалы:

تَرْمِيهِمْ بِحِجَارَةٍ كُنْتُمْ بِهِ تُكَذِّبُونَ
وَأَنَّ أَحْكُمَ بَيْنَهُمْ بِمَا أَنْزَلَ اللَّهُ وَكَلْبُهُمْ بَاسِطٌ

б) Изхар: Егер сукунды мим (مْ) - нен кейін алфавиттегі қалған 26 әріптің біреуі келсе, онда сукунды мим анық, ашық ғұннасыз айтылады. Сондықтан бұл ереже изхар шәфәуи яғни "ерін изхары" деп аталады.



Мысалы:

أَلَمْ تَرَ كَيْفَ

حِينَ تُمْسُونَ

الْحَمْدُ لِلَّهِ

أَنْعَمْتَ عَلَيْهِمْ غَيْرِ الْمَغْضُوبِ

Жаттығу: *Идғам, ихфа және изхарларды тауып ережелеріне сай оқыңыз.*

أَلَمْ يَجِدْكَ يَتِيمًا

وَلَهُمْ مَا يَشْتَهُونَ

أَنَّهُمْ مَبْعُوثُونَ

وَأَنْتُمْ ظَالِمُونَ

وَمَنْ يَعْتَصِمْ بِاللَّهِ

أَنَّهُمْ مُلَاقُوا رَبِّهِمْ

وَلَا أَنْتُمْ عَابِدُونَ

عَلَيْهِمْ وَلَا الضَّالِّينَ

يَخْشَوْنَ رَبَّهُم بِالْغَيْبِ

رَبِّ أَحْكُمْ بِالْحَقِّ

أَصْنَامِكُمْ بَعْدَ

تَأْتِيهِمْ بَعْتَةٌ

Шәддәлы нун (ن) және мим (م) әріптерінің оқылулары

Бұл екі әріп шәддәмен келген кезде сөз ортасы немесе сөз соңында болсын ғұннамен оқылады. Ғұннамен оқу мөлшері екі харакат. Мысалы:

مِنَ الْجِنَّةِ وَالنَّاسِ

فَأَمَّا مَنْ أُعْطِيَ

إِنَّ الَّذِينَ

Жаттығу: *Шәддәлы нун мен мимді тауып ғұннамен оқыңыз.*

إِنَّ

فَمَنْ شَاءَ

لَقَدْ مَنَّ اللَّهُ

وَلَا أَنْتُمْ عَابِدُونَ مَا أَعْبُدُ

أَنَّ

لَكُمْ دِينُكُمْ

فَأَمَّا مَنْ ثَقُلَتْ

وَسَلَامًا عَلَىٰ إِبْرَاهِيمَ

ثُمَّ

اللَّهُ الصَّمَدُ

إِنَّهُ كَانَ تَوَّابًا

وَلَقَدْ هَمَّتْ بِهِ وَهَمَّ بِهَا

مُحَمَّدٌ رَسُولُ اللَّهِ يَمُنُونَ عَلَيْكَ وَمَنْ يَكُنْ لَهُ جَنَّةٌ
 وَلَهُمْ مَا يَشْتَهُونَ كِرَامًا كَاتِبِينَ لَكِنَّ فَأُمَّهُ

Мутәмәсиләйни сағир, мутәжәннисәйни сағир, мутәқарибәйни сағир

а) Мутәмәсиләйни сағир – біріншісі сукунды, ал екіншісі харакатты болған екі бірдей әріптің қосылып шәддәлы оқылуына идғам мутәмәсиләйни сағир делінеді. Бұл жағдайда идғам етіп оқу уәжіп.

Мысалы:

Оқылуы	Жазылуы
وَلَكُمْ مَّا كَسَبْتُمْ	وَلَكُمْ مَّا كَسَبْتُمْ
فَلَا يُسْرِفِي الْقَتْلِ	فَلَا يُسْرِفُ فِي الْقَتْلِ
إِذْهَبِ كِتَابِي	إِذْهَبْ بِكِتَابِي
مَا كَانَتْ تَعْبُدُ	مَا كَانَتْ تَعْبُدُ
وَقَدْ دَخَلُوا	وَقَدْ دَخَلُوا
لَنْ نَقْدِرَ	لَنْ نَقْدِرَ
قُلْ لَكُمْ	قُلْ لَكُمْ

ә) Мутәжәннисәйни сағир – махраждары (әріптің шығатын жері) бір, бірақ екі бөлек әріп. Бұл екі әріптің біріншісі сукунды, ал екіншісі харакатты болса, идғам етіп оқылуы уәжіп. Идғамның бұл түрі төменгі әріптерде ғана кездеседі:



Оқылуы	Жазылуы	Әріптер
فَارَتْ	فَارَدَتْ	ذ - ت:
أَثَقَلَدَعُوا اللَّهَ	أَثَقَلَتْ دَعْوَا اللَّهِ	ث - د:
إِظْلَمْتُمْ	إِذْ ظَلَمْتُمْ	ذ - ظ:
يَلْهَذَاكَ	يَلْهَتْ ذَلِكَ	ث - ذ:
ارْكَمَعْنَا	ارْكَبْ مَعَنَا	ب - م:
إِذْ هَمَّ طَائِفَتَانِ	إِذْ هَمَّتْ طَائِفَتَانِ	ت - ط:
أَحْطُتْ	أَحْطُتْ	ط - ت:

Ескерту: соңғысында толық идғам болмайды, себебі та (ط) жуан әріп, ал тә (ت) болса жіңішке әріп.

б) Мутәқарибәйни сағир – махраждары (әріптің шығатын жері) бір-біріне жақын екі әріп. Бұл екі әріптің біріншісі сукунды, ал екіншісі харакатты болса идғам етіп оқылуы уәжіп болады. Идғамның бұл түрі төменгі әріптерде ғана кездеседі:

Оқылуы	Жазылуы	Әріптер
بَرَفَعَهُ اللَّهُ	بَلْ رَفَعَهُ اللَّهُ	ل - ر:
أَلَمْ نَخْلُقْكُمْ	أَلَمْ نَخْلُقْكُمْ	ق - ك:

Жаттығу: Идғам мутамасилайни, мутажанисаани және мутәқарибайниларды табыңыз.

مَا لَمْ تَسْتَطِعْ عَلَيْهِ صَبْرًا مَا آتَوْا وَقُلُوبُهُمْ ارْكَبْ مَعَنَا أَلَمْ نَخْلُقْكُمْ

وَلَا أَنَا عَابِدٌ مَّا عَبَدْتُمْ
وَهُمْ مُعْرِضُونَ
يَلْهَثُ ذَلِكَ
مَاعْبَدْتُمْ
أُجِيبَتْ دَعْوَتُكُمَا
بَلْ رَفَعَهُ اللَّهُ
إِذْ ظَلَمُوا

Қалқала әріптері

Қалқала – дірілдету, тербету дегенді білдіреді. Қалқала әріптері бесеу, олар: қаф, та, бә, жим, дәл (қ п б ж д). Бұл әріптер сукунды болғанда дірілдетіліп, тербетіліп оқылады. Қалқаланың дыбысталуы фатхаға жақын, яғни фатханың басы немесе үштен бір бөлігі.

Мысалы:

ق: وَلَا تَقْرَبُوا
وَحَلَقْنَاكُمْ
لَا تَقْتُلُوا
ط: نَطْرِي
الْأَطْفَالُ
فَأَسْقِطُ
ب: يَبْلُغُ
وَيَلْعَبُ
صَبْحًا
ج: الْمُجْرِمُونَ
أَلَمْ نَجْعَلْ
فَأَخْرَجْ
د: وَشَدَدْنَا
قَدْحًا
صَدْرَكَ

Жаттығу: Қалқала әріптерді тауып оқыңыз.

بِرَبِّ الْفَلَقِ
وَلَا تُشْطِطُ
صَدْرَكَ
قَدْ أَفْلَحَ
ذَاتِ الْبُرُوجِ
إِذَا وَقَبَ
رَبِّ السَّمَوَاتِ
إِنَّ لِلْمُتَّقِينَ
مِنْ رَبِّكَ
النَّجْدِينَ
إِنَّهُ يَعْلَمُ الْجَهْرَ
إِنَّ الَّذِينَ
مَّا خَلَقَ
مُحِيطٌ
مِنْ مَسَدٍ
بِهَيْجٍ
وَمَنْ يَنْقَلِبْ
إِلَى الْحَجِّ
هُوَ الْعَزِيزُ الْغَفُورُ
خَلَقَ
لِمَا يُرِيدُ
سَبِّحِ اسْمَ
وَمَا يَخْفَى
أَشَدُّ

Тәфхим және тәрқиқ әріптері

Араб алфавитіндегі әріптер жуан, жіңішке және бірде жуан, бірде жіңішке айтылуына қарай үшке бөлінеді. Жуан айту – тәфхим, ал жіңішке айту – тәрқиқ деп аталады.

а) Тәфхим:

Тәфхим - жуан айту, оған мына жеті әріп жатады: (خ ص ض غ ط ظ ق). Бұл әріптер «Исти‘ләә» (көтерілу) - деп аталады.

Мысалы:

خَلَفَ صَمَتَ ضَحِكَ غَلَبَ طَلَبَ ظَلَمَ قَدَمَ

ә) Тәрқиқ:

Тәрқиқ – жіңішке айту, оған жоғарыда өткен «Исти‘ла» - деп аталатын жеті әріптерден басқа алфавиттегі қалған жиырма екі әріп жатады. Бұл әріптер «Истифәл» (төмендеу) - деп аталады. Тілді ауыз қуысының ең жоғарғы жағынан төмендетіп дыбысты айту. Бірақ бұл әріптердің үшеуі тәрқиқ – жіңішке айтуға жатпайды, ол әріптер: (ا - ل - ر). Қалған он тоғыз әріп түгелдей жіңішке айтылады.

Олар:

ء - ب - ت - ث - ج - ح - د - ذ - ز - س - ش - ع - ف - ك - م
ن - ه - و - ي

Мысалы:

أَمِنَ بَعَثَ تَبِعَ نَبَيْتَ جَهَدَ حَكَمَ
دَفَعَ ذَهَبَ زَحَمَ سَكَنَ شَبِعَ عَمِلَ
فَتَشَّ كَسَبَ مَسَحَ نَجَدَ هَدَفَ وَجَدَ

Жаттығу: Тафхым немесе тарқиқ әріптеріне мән беріп оқыңыз.

إِذْ ظَلَمُوا	وَهُمْ مُعْرِضُونَ	فَلْيَتَنَفَّسِ الْمُتَنَفِّسُونَ
يَلْهَثَ ذَلِكَ	بِأَحْكَمِ الْحَاكِمِينَ	لَا تَأْخُذْهُ سِنَّةٌ وَلَا نَوْمٌ
مَاعِبَدْتُمْ	مِنَ اتَّبَعِ الذِّكْرَ	وَجَعَلَنِي مِنَ الْمَكْرَمِينَ
أَلَمْ نَخْلُقْكُمْ	فَلَا يَحْزُنكَ قَوْلُهُمْ	عَالِمِ الْغَيْبِ وَ الشَّهَادَةِ
إِرْكَبَ مَعَنَا	بِمَا كَانُوا يَكْسِبُونَ	وَهُوَ الْخَلَاقُ الْعَلِيمُ
قُلْ رَبِّ	هُوَ الْحَيُّ الْقَيُّومُ	وَهُوَ الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ
بَلْ رَفَعَهُ اللَّهُ	لَا أَسْأَلُكُمْ أَجْرًا	مِنَ الشَّجَرِ الْأَخْضَرِ
عَامِلَةً نَاصِبَةً	عِبَادٌ مُكْرَمُونَ	زَيْنَا السَّمَاءِ الدُّنْيَا

Кейде жуан, кейде жіңішке айтылатын әріптер

Жоғарыда айтылғандай бұл әріптер үшеу: әлиф, ләм және ра.

Әлиф (ا): бұл әріптің жуан немесе жіңішке айтылуы өзінен бұрынғы әріпке байланысты. Егер өзінен бұрынғы әріп тәфхим әріптерінің біреуі болса, онда әлиф жуан айтылады. Ал егер әлифтен бұрынғы әріп тәрқиқ әріптерінің біреуі болса, онда әлиф жіңішке айтылады. Мысалы:

Әлифтің тәфхим әріптерінен кейін келіп жуан оқылуы:

خَافَ صَامَ ضَاعَ

Әлифтің тәрқиқ әріптерінен кейін келіп жіңішке оқылуы:

ءَامَنَ بَاعَ تَاجَرَ أَتَابَ جَاهَدَ



Жаттығу: Әлифтің жуан және жіңішкелігіне мән бере отырып оқыңыз.

طَافَ	ظَاهَرَ	حَاكَمَ	دَافَعَ	ذَاكَرَ	زَاخَمَ
سَارَعَ	شَابَهَ	عَامَلَ	فَاتَحَ	كَالَمَ	مَانَعَ
تَنَازَلَ	تَهَيَّأَ	تَوَاحَدَ	تَيَآمَنَ	غَابَ	قَامَ

Ләм (ل): ләм негізінде жіңішке айтылатын дыбысы, өйткені ол «Истифәл» әріптеріне жатады. «Истифәл» әріптері жоғарыда айтылғандай жіңішке дыбысталады.

Ләм тек қана «Лафзул жәләлә»²⁰ дейтініміз Аллах ﷻ сөзінде ғана жуан айтылады. Ол екі жағдайда болады:

Біріншісі: егер «Лафзул жәләлә» ﷻ фатхадан кейін келсе, «Лафзул жәләлә» дағы ләм жуан оқылады.

Мысалы: ﷻ رَضِيَ اللهُ قَالَ اللهُ

Екіншісі: егер «Лафзул жәләлә» ﷻ даммадан кейін келсе, «Лафзул жәләлә» дағы ләм жуан оқылады.

Мысалы:

عَبْدُ اللهِ نَصَرَ اللهُ رَسُولُ اللهِ

Ал егер «Лафзул жәләлә» ﷻ кәсрадан кейін келсе, онда «Лафзул жәләлә» дағы ләм жіңішке оқылады.

Мысалы:

لِ اللهِ بِالِ اللهِ فِي سَبِيلِ اللهِ

Жаттығу: Ләм әрібінің жуан және жіңішкелігіне көңіл бөле отырып оқыңыз.

رَسُولَ اللهِ	أَمْرُ اللهِ	شَهِدَ اللهُ	رَحْمَةً اللهُ	بِذِكْرِ اللهِ
---------------	--------------	--------------	----------------	----------------

²⁰ Аллаһтың ұлы есімі «Аллаһ»

وَكَلِمَةُ اللَّهِ
يَاذُنِ اللَّهِ
بِأَنعَمِ اللَّهِ
إِنَّ اللَّهَ
بِآيَاتِ اللَّهِ
سَمِعَ اللَّهُ
بِاللَّهِ
كَلَامَ اللَّهِ
خَشِيَةَ اللَّهِ
عِنْدَ اللَّهِ

Ра: ра (ر) әрпінің жуан айтылатын кездері:

Егер ра (ر) әрпінің өзі фатхалы немесе даммалы болса, жуан оқылады. Мысалы:

رَبِّي بَرَبِكُمْ رَعُوفٌ رَحِيمٌ إِنَّ الْأَبْرَارَ رُطَبًا

Ра (ر) әрпі фатхалы болғанда, бір ғана сөз "Һуд" сүресіндегі 41-аятындағы (مَجْرَاهَا) сөзі «Имәлә»²¹ болып оқылады.

Егер ра (ر) әрпі асли (негізгі) өзгермейтін сукунды (ـ) болып, ал алдындағы әрпі фатхалы немесе даммалы болса, жуан оқылады. Мысалы:

الْقُرْآنُ مَرِيَمَ مُرْتَقِبُونَ وَأُرْسِلَ تَرْمِيهِمْ فَلَا تَهْتَفِرُوا

Егер ра әрпі сукунды болып, уасл хәмзедан кейін келсе, жуан оқылады. Мысалы:

الَّذِي ارْتَضَى وَقُلْ رَبِّ ارْحَمْهُمَا ارْجِعِي إِنَّ ارْتَبْتُمْ

Егер ра әрпі тоқталуға байланысты сукунды болып алдындағы әрпі фатхалы немесе даммалы болса, жуан оқылады. Мысалы:

عُرْفُ قَبْلِ الْعَرَبِ ثُمَّ نَظَرَ وَيَسَّرَ وَاسْتَكْبَرَ قَوْلُ الْبَشَرِ

Егер ра әрпі тоқталуға байланысты сукунды және алдындағы әріп сукунды болып, оның алдындағы әріп фатхалы немесе даммалы болса, жуан оқылады.

Мысалы:

وَالْعَصْرِ مِنَ الْكُفْرِ وَالْوَتْرِ إِذَا يَسَّرَ

²¹ «Имәлә» туралы 74 беттен толығырақ мәлімет аласыз.

Егер ра әрпі сукунды болып, алдындағы әріп кәсралы өзінен кейінгі әріп «Истила» яғни жуан әріптердің біреуі болса, жуан оқылады. Мысалы:

قِرطاسٍ فِرْقَةٍ إِرْصَادًا

Ра (ر) әрпінің жіңішке оқылатын кездері:

Егер ра (ر) әрпі кәсралы болса, жіңішке оқылады. Мысалы:

رِجَالِكُمْ رِدْءًا رِزْقًا يُرِيدُ اللَّهُ

Егер ра (ر) әрпі сукунды болып, алдындағы әріп кәсралы болса, жіңішке оқылады. Мысалы:

فِرْعَوْنَ رَبِّ اغْفِرْ لِي فَاصْبِرْ

Егер ра (ر) әрпі ард²² сукунды болып алдындағы әріп кәсралы болса, жіңішке оқылады. Мысалы:

مُنْتَشِرٌ يَوْمَ عَسِيرٍ وَازْدُجِرَ فَانْتَصَرَ

Егер ра (ر) әрпі ард сукунды болып, алдындағы сукунды, бірақ жіңішке айтылатын әріп болып, оның алдындағы әріп кәсралы болса, жіңішке оқылады. Мысалы:

السَّحَرِ أَهْلَ الذِّكْرِ قَدِيرٌ اللَّطِيفُ الْخَبِيرُ

Егер ра (ر) әрпі ард сукунды болып, алдындағы иә лин әрпі болса, жіңішке оқылады. Мысалы:

لَا ضَيْرٌ ذَلِكَ خَيْرٌ كَهَيْئَةِ الطَّيْرِ

²² "Ард" - дегеніміз кез келген сөздің немесе аяттың соңында тоқталатын болса, харакатына қарамастан оқылатын сукун.

Төменгі сөзде егер тоқталатын болса да, ра жуан оқылғаны абзал:

أَلَيْسَ لِي مُلْكٌ مِّصْرَ

Ал төменгі сөздерде ра жіңішке оқылғаны абзал:

عَيْنَ الْقَطْرِ عَذَابِي وَنَذْرٍ

Жаттығу: «ра» әрібін жоғарыдағы қағидаларға сай оқыңыз.

حُسْرٍ	فَلَا تَقْهَرْ	وَقَالَ ادْخُلُوا مِصْرَ	لِبِالْمِرْصَادِ
مُنْهَمِرٍ	قَدْ قَدِرَ	هَارُونَ تَحْمِلُهُ	فِيهَا السَّيْرِ
مُنْهَمِرٍ	الْعَلِيِّ الْكَبِيرِ	سَمِيعَ بَصِيرٍ	الْقُرْآنَ
فَاهْجُرْ	تُرْجِي	فَمَنْ يَكْفُرْ بِالطَّاغُوتِ	وَمَا أُرْسِلُوا
رُشْدًا	أَمْ ارْتَابُوا	وَاللَّيْلِ إِذَا يَسِرُ	وَأَرَكَعِي
سَقَرٍ	فِيهَا السَّيْرِ	إِلَى شَيْءٍ نَكْرٍ	كَانَ كُفْرٍ
رُزْقُوا	الْيُسْرَ	فَمَا تَعْنِ النَّذْرُ	سَمِيعَ بَصِيرٍ
أَسْتَغْفِرُهُ	كَانَ كُفْرَ	الْعَلِيِّ الْكَبِيرِ	وَدُسْرٍ
الْعُسْرَ	بُرْسُلِي	كَفَرُوا الرَّعْبَ	لِمَنْ ارْتَضَى
وَسُعْرٍ	وَلَا تَصْعُرْ	جَنَاتِ الْفِرْدَوْسِ	تُرْجَعُ الْأُمُورُ
فِي الزُّبُرِ	وَيُولُونَ الدُّبُرِ	أَنْ لَنْ يَحُورَ	الرِّيَاحِ
شُكُورٍ	عَذَابِ النَّارِ	وَفِي الرَّقَابِ	قَدْ قُدِرَ

Мәдд

Мәдд – дыбысты созу деп мәдд әріптерінің тақырыбында түсіндірілді. Бірақ тәжуид ілімінде мәдд, яғни созып оқу екі харакат мөлшерімен шектелмейді. Екі харакаттан артық төрт немесе алты харакатқа дейін созылады. Төрт немесе алты харакатқа дейін созу үшін арнайы себептер қажет. Ол себептер «мәдд себептері» деп аталады. «Мәдд себептері» екеу олар: хәмзә және суқун. (ء , ؤ)

Мәдд түрлері

1) Мәдд табиғи (Мәдд асли)

Егер мәдд әрпінен (ا - و - ي) кейін мәдд себептері болған хәмзә және суқун (ء , ؤ) келмесе, мәдд табиғи (негізгі мәдд) болады. Созу мөлшері – екі харакат. Бір харакат мөлшері саусақты орташа жылдамдықпен бүгу арқылы есептеледі.

Мысалы:

مَالِكِ يُوسُفِكُمْ بِمِثْلِهِ وَضُحَاهَا قَالُوا

Құранда кейбір сөздердің соңында әлиф әрпі үстінде дөңгелек суқунтәрізді белгімен кездеседі . Егер осы әлиф кездескен сөзде тоқталатын болса, онда әлиф мәдд табиғи болып екі харакатқа созылады. Ал егер тоқталмай келесі сөзбен жалғастырылатын болса онда әлиф оқылмайды.

Мысалы:

أَنَا نَذِيرٌ لَكِنَّا الظُّنُونَا الرَّسُولَا السَّبِيلَا كَانَتْ قَوَارِيرَا

Құранда соңғы әрпі үстінде "ән" тәнуині болған хәмзәмен келетін сөздер бар. Негізінде "ән" тәнуині әлиф әрпімен бірге жазылатынын айтып өткенбіз. Бірақ кейде хәмзә әлифсіз үстінде тек қана қос фатха "ән" тәнуинімен

кездеседі. Міне, осындай әлифсіз үстінде тек қана қос фатха "ән" тәнуинімен кездескен сөзде тоқталатын болса, мәдд табиғи болып, екі харакатқа созып оқып тоқталады. Тоқталмай келесі сөзбен жалғастырылса, басқа ережелерге сәйкес оқылады.

Мысалы:

بِنَاءٍ مَاءٍ جَزَاءٍ دُعَاءٍ وَنَدَاءٍ

Ескерту: Егер мәдд әріптер уасл хәмзәмен кездесе, созылып оқылмайды.

Мысалы:

وَقَالَا الْحَمْدُ لِلَّهِ وَمَا فِي الْأَرْضِ قُلِ ادْعُوا اللَّهَ

Жаттығу: Мәд әріптерін тауып оқыңыз.

عَلِيمًا حَكِيمًا وَأُمْلِي نُوحِيهَا مَبَشِّرِينَ مَبَشِّرِينَ يَهْدِيكُمْ لِقَدِيرٍ وَرَدًا وَرَدًا

وَدَا الْقَادِرُ نُوْحِيهَا وَأُمْلِي عَالِمًا حَكِيمًا مَبَشِّرِينَ مَبَشِّرِينَ يَهْدِيكُمْ لِقَدِيرٍ وَرَدًا وَرَدًا

2) Созу себебі хәмзә болатын мәддтер:

а) Мәдд муттасыл: Егер бір сөзде мәдд әрпінен (ا - و - ي) кейін хәмзә (ة) келсе, мәдд муттасыл болады. Созып оқу уәжіп, мөлшері төрт немесе бес харакат. Мысалы:

إِذَا جَاءَ ثَلَاثَةٌ قُرُوءٍ هَنِئًا مَرِيئًا وَوَجِيءَ وَمَا مَسَّنِيَ السُّوءُ

لِلْفُقَرَاءِ هَنِئًا مَرِيئًا وَوَجِيءَ وَمَا مَسَّنِيَ السُّوءُ

ә) Мәдд мунфасыл: Егер екі бөлек сөзде мәдд әрпінен (ا - و - ي) кейін хәмзә (ة) келсе, яғни алдыңғы сөздің соңғы



әрпі мәдд әрпі, кейінгі сөздің бірінші әрпі һәмзә болса мәдд мунфасыл болады. Сөзу мөлшері екі, төрт немесе бес характер.

Мысалы:

وَفِي أَنْفُسِكُمْ	قُوا أَنْفُسَكُمْ	إِنَّا أَعْطَيْنَاكَ
وَتَوْبُوا إِلَى اللَّهِ	فِي أَيِّ صُورَةٍ	إِنَّا أَنْزَلْنَاهُ

б) Мәдд бәдәл:

Егер мәдд әрпінің алдында һәмзә болып және мәдд әрпінен кейін һәмзә немесе сукун келмесе, мәдд бәдәл болады. Сөзу мөлшері – екі характер. Мысалы:

ءَامَنُوا إِيْمَانًا أُوتُوا وَقُرْءَانَ وَيَسْتَبِشُرُونَكَ قُلْ إِي رَبِّي

Жаттығу: Мәдтердің түрлеріне қарай бөліп оқы.

لَتَنْوَأَ	مَسْئُولًا	زَيْتَهَا يُضْيِئُ	يَا أَيُّهَا الْإِنْسَانُ
حُتَفَاءَ	لِيَسْئَوْا	وَلَا الْمَسِيءُ	لِيَزِدَادُوا إِيْمَانًا
أَنْبِئُونِي	لِإِيْلَافٍ	سَيِّئَتْ وُجُوهُ	هُوَ الَّذِي أَنْزَلَ السَّكِيْنَةَ

«Һә» әл-Кинәйә (ه - هُ)

Араб тілінде сөздің соңына жалғанатын дамталы және кәсралы һә әрпі бар. Ол "дамир" деп аталады. Дамир – есімдік. Міне, осы есімдік тәжуид ілімінде «Һә» әл – Кинәйә деп аталады.

Мысалы:

وَاللَّهُ عِنْدَهُ أَجْرٌ عَظِيمٌ	يُضَاعَفُ لَهُ الْعَذَابُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ وَيَخْلُدُ فِيهِ مُهَانًا
تَبَارَكَ الَّذِي بِيَدِهِ الْمُلْكُ	يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا صَلُّوا عَلَيْهِ وَسَلِّمُوا تَسْلِيمًا

وَإِنْ تَشْكُرُوا يَرْضَهُ لَكُمْ	إِنَّ اللَّهَ وَمَلَائِكَتَهُ يُصَلُّونَ عَلَى النَّبِيِّ
خَلَقَهُ مِنْ تُرَابٍ	شَهْرُ رَمَضَانَ الَّذِي أُنزِلَ فِيهِ الْقُرْآنُ
إِنَّهُ كَانَ تَوَّابًا	يُضِلُّ بِهِ كَثِيرًا وَيَهْدِي بِهِ كَثِيرًا
فَتَابَ عَلَيْهِ إِنَّهُ هُوَ التَّوَّابُ	وَمَنْ أَوْفَى بِمَا عَاهَدَ عَلَيْهِ اللَّهُ

«**Һә**» *ал-Кинәйә* кей жағдайларда мәдд ард болып екі харакатқа созылып оқылады, кейде мәдд мунфасыл болып екі, төрт немесе бес харакатқа созылып оқылады, кейде тіпті созылмай тек харакатымен ғана оқылады.

Олай болса «**Һә**» *ал-Кинәйәнің үш түрі бар:*

1) «**Һә**» *ал-Кинәйә* - ның мәдд ард болып екі харакатқа созылып оқылатын кез:

Егер «**Һә**» *ал-Кинәйә* харакатты екі әріптің арасында болса, онда мәдд ард болып екі харакатқа созылып оқылады.

Мысалы:


إِنَّهُ كَانَ تَوَّابًا يُضِلُّ بِهِ كَثِيرًا وَيَهْدِي بِهِ كَثِيرًا إِنَّ اللَّهَ وَمَلَائِكَتَهُ يُصَلُّونَ عَلَى النَّبِيِّ

2) «**Һә**» *ал-Кинәйә* - ның мәдд мунфасыл болып екі, төрт немесе бес харакатқа созылып оқылатын кез:

Егер «**Һә**» *ал-Кинәйә* харакатты екі әріптің арасында болып, өзінен кейінгі әріп һәмзә болса, онда мәдд мунфасыл болып екі, төрт немесе бес харакатқа созылып оқылады.

Мысалы:

وَمَا يُضِلُّ بِهِ إِلَّا الْفَاسِقِينَ وَاللَّهُ عِنْدَهُ أَجْرٌ عَظِيمٌ



Ескерту:

Бірінші: «*Һә*» *әл-Кинәйә* тоқталмай өзінен кейінгі сөзбен жалғастырылып оқылғанда ғана созылып оқылады, егер «*Һә*» *әл-Кинәйә* - да тоқталса, онда еш созылмайды. Созылып оқылатын «*Һә*» *әл-Кинәйә* даммалы болса қасына кішкентай уәу әрпі жазылады, ал егер кәсралы болса кішкентай иә әрпі жазылады.

Екінші: Құранда екі сөзде «*Һә*» *әл-Кинәйә* харакатты екі әріптің арасында болса да созылып оқылмайды. Ол: "Зумәр" сүресі 7 және "Алақ" сүресі 15 аяттарындағы сөздер:

وَإِنْ تَشْكُرُوا يَرْضَهُ لَكُمْ - كَلَّا لَئِنْ لَمْ يَنْتَه لِنَسْفَعَنَّ بِالنَّاصِيَةِ

3) «*Һә*» *әл-Кинәйә*-ның созылмай тек қана харакатымен оқылатын кез:

Егер «*Һә*» *әл-Кинәйә* арасына түскен екі әріптің біреуі сукунды болса, онда созылмай оқылады.

Мысалы:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا صَلُّوا عَلَيْهِ وَسَلِّمُوا تَسْلِيمًا تَبَارَكَ الَّذِي بِيَدِهِ الْمُلْكُ
وَمَنْ أَوْفَى بِمَا عَاهَدَ عَلَيْهِ اللَّهُ يُضَاعَفُ لَهُ الْعَذَابُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ

Ескерту:

«*Һә*» *әл-Кинәйә* Құранда бір сөзде ғана сукунды әріптен кейін келгенде мәдд табиғи болып екі харакатқа созылып оқылады. Ол: "Фурқан" сүресі 69 аяттағы сөз.

وَيَخْلُدُ فِيهِ مُهَانًا

Жаттығу. «Һә» әл-Кинәйәны жоғарыда айтылған үш ережеге сай оқыңыз.

قَالَ لَهُ صَاحِبُهُ وَهُوَ يُحَاوِرُهُ	شَهْرُ رَمَضَانَ الَّذِي أُنزِلَ فِيهِ الْقُرْآنُ
وَهُوَ يُحَاوِرُهُ أَكَفَرَتَ	خَلَقَهُ مِنْ تَرَابٍ
لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ	لَا يَمَسُّهُ إِلَّا الْمُطَهَّرُونَ

3) Сөзу себебі суқун болатын мәддтер:

Бұл мәддтерге бастамас бұрын суқунның түрлерін білу керек. Суқунның екі түрі бар.

Біріншісі: әріптің үстіне жазылатын, міндетті түрде оқылатын суқун белгісі. Осы суқун белгісі «*суқун ләзим*» немесе «*суқун асли*» деп аталады.

Екіншісі: жазылмайтын, бірақ кез келген сөзде немесе аяттың соңында тоқталатын кезде харакатқа немесе «*ин*», «*ун*» (- ُ) тәнуиндеріне қарамастан оқылатын суқун. Бұл суқун «*суқун ард*» деп аталады. Осы суқундарға байланысты созу себебі суқун болатын мәддтер өзара бөлінеді.

а) Мәдд ард

Егер мәдд әрпінен (ا - و - ي) кейін тоқталуға байланысты пайда болатын «*суқун аридъ*» келсе, мәдд арид болады. Сөзу мөлшері екі, төрт, алты харакат.

Мысалы:

إِزْمَ ذَاتِ الْعِمَادِ	مَا كَانُوا يَكْسِبُونَ	وَأَيَّكَ نَسْتَعِينُ
أَلَمْ تَرَ كَيْفَ فَعَلَ رَبُّكَ بِعَادٍ	قَدْ أَفْلَحَ الْمُؤْمِنُونَ	إِنْ كُنْتُمْ صَادِقِينَ



ә) Мәдд ләзим

Егер мәдд әрпінен (ا - و - ي) кейін сукун ләзим (◌ْ) келсе мәдд ләзим болады. Созу уәжіп, мөлшері алты хара-
кат. Мысалы:

كَهَيْعَصِ الْمَصِ آلَانَ

Жаттығу: Мәд ард пен мәд ләзімді тауып ережесіне сай оқыңыз.

حم	الْحَاقَّةُ	الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ	أَهْدِنَا الصِّرَاطَ الْمُسْتَقِيمَ
الم	مَلِكِ النَّاسِ	فِي تَضْلِيلٍ	قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ النَّاسِ
عسق	الصَّابِرُونَ	كَعَصْفٍ مَأْكُولٍ	وَفِرْعَوْنَ ذِي الْأَوْتَادِ

ә) Мәдд лин

Тәжуид ілімінде мәдд әріптерімен қатар лин әріптері бар. Лин әріптері екеу. Ол алдындағы әрбі фатхалы болған сукунды уәу немесе иә әріптері (و-ي). Сукун лин әрпінен кейін келгені үшін мәдд лин деп аталады. Мәдд лин дәл мәдд аридъке ұқсас. Егер лин әрпінен кейін сукун аридъ келсе, мәдд лин болады. Созу мөлшері екі, төрт, алты харакат. Мысалы:

هَذَا الْبَيْتِ سَوْءٍ وَالصَّيْفِ قُرَيْشٍ

Жаттығу: Мәдд лин әріптерін тауып оқыңыз.

الْمَغْضُوبِ	مِنْ خَوْفٍ	إِنَّ الْإِنْسَانَ	الرَّحِيمِ
كُفُّوا أَحَدَ	هَذَا الْبَيْتِ	بِأَصْحَابِ الْفِيلِ	يُقِيمُونَ



Мәдд ләзимнің түрлері төртеу:

1) *Мәдд ләзим кәлими мухаффаф* – сөздегі жеңіл мәдд ләзим мағынасын білдіреді. Егер мәдд әрпінен кейін сукун келсе, мәдд ләзим кәлими мухаффаф болады. Мухаффаф – жеңіл деп аталуы сукунның шәддәсыз келгені үшін. Бұл Құранда бір сөзде "Юунус" сүресі 51 және 91 аяттарында ғана кездеседі:

الآنَ وَقَدْ كُنْتُمْ بِهِ تَسْتَعْجِلُونَ - الآنَ وَقَدْ عَصَيْتَ قَبْلَ وَكُنْتَ مِنَ الْمُفْسِدِينَ

2) *Мәдд ләзим кәлими мусаққал* – сөздегі ауыр мәдд ләзим мағынасын білдіреді. Егер мәдд әрпінен кейін шәддәлы әріп келсе, мәдд ләзим кәлими мусаққал болады. Мусаққал – ауыр деп аталуы мәддтен кейін шәддәның келгені үшін.

Мысалы:

وَلَا الضَّالِّينَ لِيُحَاجُّوكُمْ بِهِ عِنْدَ رَبِّكُمْ وَلَا الضَّالِّينَ
قُلْ أَتَحَاجُّونَنَا أَتَحَاجُّونِي فِي اللَّهِ قُلْ أَتَحَاجُّونَنَا
قُلْ أَأَلَّا أَدَّكَرِينَ قُلْ أَفَعَيَّرَ اللَّهُ تَأْمُرُونِي أَعْبُدُ قُلْ أَأَلَّا أَدَّنَ لَكُمْ

3) *Мәдд ләзим харфи мухаффаф* - әріптегі жеңіл мәдд ләзим деген мағынаны білдіреді. Егер муқаттаға әрпінің оқылуында мәдд әрпінен кейін сукун шәддәсыз болса, мәдд ләзим харфи мухаффаф болады.

Мысалы:

ص وَالْقُرْآنِ ذِي الذِّكْرِ ق وَالْقُرْآنِ الْمَجِيدِ الر طس

4) *Мәдд ләзим харфи мусаққал* - әріптегі ауыр мәдд ләзим деген мағынаны білдіреді. Егер муқаттаға әрпінің

оқылуында мәдд әрпінен кейінгі әріп шәддәлі оқылса, мәдд ләзім харфи мусәққал болады. Мысалы:

Бұл мәдд ләзім түрлерінің барлығы алты харакатқа созылады.

Жаттығу: *Жоғарыдағы төрт мәдтерді тауып, ережелеріне сай оқыңыз.*

الْحَاقَّةُ	الطَّامَةُ الْكُبْرَى	ن وَالْقَلَمِ وَمَا يَسْطُرُونَ
ضَالًّا	كَهَيْعِص	فَإِذَا جَاءَتِ الصَّاحَّةُ
طسّم	عَصَيْتَ قَبْلُ وَكُنْتَ مِنَ الْمُفْسِدِينَ	ءَأَلْتَأَنَّا

Муқатта‘а әріптері

Құранда кейбір сүрелер әріптермен басталады. Бұл әріптер алфавиттегі негізгі атауларымен оқылады. Осы әріптер *муқатта‘а әріптері* деп аталады. Құранда 29 сүре мұқаттаға әріптерімен басталған. Мұқаттаға әріптері барлығы 14 әріп. Олар: әлиф, хә, ра, син, сад, та, айн, қаф, кәф, ләм, мим, нун, һә, иә.

ا - ح - ر - س - ص - ط - ع - ق - ك - ل - م - ن - ه - ي

Мысалы:

ص	طسّم	المص	المر	كهيعص	الم
يس	طه	عسق	حم	الر	ن
					ق

Бұлардың ішінде 8 әріп алты харакатқа созылады. Олар: син, сад, айн, қаф, кәф, ләм, мим, нун.

س - ص - ع - ق - ك - ل - م - ن (كَمْ عَسَلُ نَقْصُ)

Осы әріптер мәдд ләзімге жатады. Жақшадағы сөйлем осы әріптерден жеңіл жатталу үшін құрастырылған. Бұл әріптер дыбысталғанда, ортаңғы әріптері мәд әрібі

болғандықтан (**ع** - айн, **ق** - қаф **ن** - нун) алты харакатқа созылады.

Мысалы:

ص ق ن عسق كهيعص المص
5 әріп екі харакатқа созылады. Олар: хә, ра, та, һә, иә.

ح - ر - ط - ه - ي

Мысалы:

طه يس الر حم كهيعص
1 әріп тіпті созылмайды, ол: әлиф (ا)

Мысалы: الم المر المص الر

Жаттығу. *Созылуына қарай оқыңыз.*

ق ن حم عسق طه يس الر
الم كهيعص المر المص طسم ص



Уақф (الْوَقْفُ)

Құран оқыған уақытта тыныс алу үшін тоқтауға «уақф» делінеді. **Уақф** – сөзінің тілдік мағынасы *тоқтау, сөзді бөлу* дегенді білдіреді. Құран оқыған кезде «тоқтау және тоқтаған жерден әрі қарай жалғастыруды» білдіретін уақф ілімін үйрену әрбір Құран оқушы үшін өте маңызды. Өйткені Құранды оқығанда уақыфтарға сай тоқтап оқу – Құранның мағынасының бұзылмай дұрыс оқылуы үшін қажет.

◆ Егер кез келген сөздің немесе аяттың соңына тоқтау керек болып, сол сөздің соңындағы әріп хәрәкәтты болса, хәрәкәт оқылмастан әріп сукунмен тоқталады. Ал егер келесі сөзбен жалғастырып оқитын болса, хатакатымен толық оқылады.

Оқылуы	Жазылуы
قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ النَّاسِ.	قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ النَّاسِ.
رَبِّ الْعَالَمِينَ.	رَبِّ الْعَالَمِينَ.
إِيَّاكَ نَعْبُدُ.	إِيَّاكَ نَعْبُدُ.

◆ Егер сөздің соңы тәнуйнді, яғни дамма тәнуйні (◌◌◌) немесе кәсра тәнуйні (◌◌◌) болса, тәнуйн оқылмай сукун ретінде тоқталады.

Ал егер келесі сөзбен жалғастырып оқитын болса, харакаатымен толық оқылады.

Оқылуы	Жазылуы
قُلْ هُوَ اللَّهُ أَحَدٌ.	قُلْ هُوَ اللَّهُ أَحَدٌ.
أَجْرٍ كَرِيمٍ.	أَجْرٍ كَرِيمٍ.



◆ Ал егер фәтхалы тәнунин (ـَ) болса, тәнунин әлифке ауысып, мәдді табиғи сияқты созып оқығаннан кейін тоқталады. Ал егер келесі сөзбен жалғастырып оқитын болса, харакатымен толық оқылады.

Мысалы:

Оқылуы	Жазылуы
أَجْرًا عَظِيمًا	أَجْرًا عَظِيمًا

Құрандағы Уақф (тоқтау) белгілері:

(م) **Тоқтау (ләзім):** Егер тоқтамаған жағдайда мағынаның өзгеріске ұшырауы мүмкін болғандықтан тоқтаған дұрыс.

Мысалы:

إِنَّمَا يَسْتَجِيبُ الَّذِينَ يَسْمَعُونَ وَالْمَوْتَى يَبْعَثُهُمُ اللَّهُ ثُمَّ إِلَيْهِ يُرْجَعُونَ

(لا) **Тоқтамау.** Оқылып жатқан аяттың кейінгі аятпен мағына жөнінен бір-бірімен байланысты болған жерлерде болады. Егер қандайда бір себеппен тоқталатын болса, аятты сәл кейініректен алып жалғастырады. Егер белгі аяттың соңында болса, кейіннен қайта бастаудың керегі жоқ.

Мысалы:

الَّذِينَ تَتَوَفَّاهُمُ الْمَلَائِكَةُ طَيِّبِينَ يَقُولُونَ سَلَامٌ عَلَيْكُمْ ادْخُلُوا الْجَنَّةَ بِمَا كُنْتُمْ تَعْمَلُونَ.

(ج) **Жәйіз:** Тоқтауға да немесе тоқтамай өтуге де болады.

Мысалы:

نَحْنُ نَقُصُّ عَلَيْكَ نَبَأَهُم بِالْحَقِّ إِنَّهُمْ فِتْيَةٌ آمَنُوا بِرَبِّهِمْ وَزِدْنَاَهُمْ هُدًى



(صلى) - тоқтамаған абзал. Мысалы :

وَإِنْ يَمْسَسْكَ اللَّهُ بَصْرًا فَلَا كَاشِفَ لَهُ إِلَّا هُوَ ۗ وَإِنْ يَمْسَسْكَ بَخِيرًا فَهُوَ عَلَىٰ كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ

(قلى) - тоқтаған абзал. Мысалы :

قُلْ رَبِّي أَعْلَمُ بِعَدَّتِهِمْ مَا يَعْلَمُهُمْ إِلَّا قَلِيلٌ ۗ فَلَا تَمَارِ فِيهِمْ.

(ص) **Жалғастыру** - Аяттың ұзындығы немесе қандай да бір себеппен дем (ауа) жетпеген жағдайда тоқтауға рұқсат етілген жерлерде болады.

